

«Күләш Байсейітова атындағы  
Қазақ ұлттық өнер университеті»  
РММ Ғылыми кеңестің шешімімен  
**БЕКІТІЛДІ**  
« 17 » сәуір 2026 ж. № 1/2026  
Ғылыми кеңестің төрағасы  
Е.А. Хужандьяров



**6B02197 «ДӘСТҮРЛІ ЖЫР (АЙТЫС)» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ**

✓ **БАКАЛАВРИАТ**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шекті балл
«Дәстүрлі ән»	6B02197 «Дәстүрлі жыр (Айтыс)»	Қазақ	Жалпы орта н/е арнайы мамандандырылған музыкалық мектеп және колледж	Жоқ	75 грант және ақылы

**Талапкердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

- Ең біріншіден талапкер ҚазҰӨУ бакалавриатына түсу ережелерімен танысу қажет.
- Талапкердің жалпы орта білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаты (музыкалық колледждің және пед колледждің музыкалық бөлімін бітіруші немесе ІІ сыныпты бітіргені туралы аттестат) болуы тиіс.
- «Дәстүрлі жыр (Айтыс)» күндізгі оқу бөліміне түсу үшін ұсынылатын жас 30 жасқа дейін

## **Талапкерлерде кәсіби маманның қалыптасуы үшін қажетті келесі мәліметтер болуы керек:**

- кәсіби дауыс және сау дауыс аппараты (фониатрдың анықтамасы/үзіндісі);
- дамыған музыкалық есту қабілеті, орындаушылық дарындылық пен актерлік қабілеттердің болуы;
- сөйлеу ақауларының болмауы;
- тұрақты жүйке жүйесі, кәсіби дағдыларды меңгеруге кедергі келтіретін физикалық кедергілер болмауы.

## **Мамандандырылу бойынша емтихан талабы:**

### **1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН**

#### **1.1 Мамандық**

Деңгейі бойынша түсу емтихандарының мазмұны мен көлеміне қойылатын талаптар орта кәсіптік білім берудің мамандандырылған білім беру бағдарламаларын меңгерген түлектерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Емтихан комиссиясы үміткердің шығармашылық қабілеттерін анықтау кезінде орындалатын шығармаларды таңдауға және (немесе) шектеуге, сондай-ақ орындалатын шығарманы қысқартуға және (немесе) тоқтатуға құқылы. Талапкер шығарманы орындағанда өзіне ыңғайлы тональностыке ауыстыруға болады. Орындаған шығармаларының авторлары туралы мәліметтерді білу керек.

***Талапкер осы шығармаларды дайын ұсынуы керек (айтыскер ақындар үшін):***

1. Талапкер өз туындысын (еркін тақырыпта 2 өлең) оқуы керек. Бұл талапкердің тіл тазалығын, дикциясын тексеру үшін керек.
2. Бір терме немесе толғау орындауы тиіс. Бұл музыкалық, орындаушылық қабілетін тексеру үшін керек.
3. Емтихан күні айтыс өткізеді. Бұл шынайы суырыпсалмалықты бағалау үшін керек.

***Талапкер осы шығармаларды дайын ұсынуы керек (жырышылар үшін):***

1. Терме-толғау
2. Дастаннан үзінді немесе мысал өлең
3. Қазіргі заман ақын-жыраулар шығармасынан орындау
4. Дәстүрлі ән) орындау

#### **1.2 Коллоквиум**

Коллоквиумға қойылатын талаптар

Коллоквиум жалпы мәдени және музыкалық дүниетанымын бағалауға мүмкіндік беретін сұрақтарды қамтиды.

Коллоквиумда талапкер Қазақтың дәстүрлі айтыс өнері, орындаушылық ерекшеліктері, орындалатын шығармалар туралы сұрақтарға жауап беріп, білімін көрсетуі қажет:

- музыка мен мәтін авторының шығармашылық ерекшеліктерін;
- көркемдік-бейнелі мазмұн;

- музыкалық және мәнерлілік;
- орындаушылық интерпретация;

## **ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН: Сольфеджио және музыка теориясы теория**

### **Музыкалық колледжді бітірген талапкерлер үшін**

#### **Музыка теориясы**

##### ***Жазбаша***

- Кез келген сатыдан мажорлы және минорлы гамманың үш түрін (табиғи, гармониялық, мелодиялық); хроматикалық гамма; қос гармониялық мажор және минор; халық музыкасының және пентатоникалық саздарын; дыбыстан және тональдікте жоғары және төмен интервалдар, қарапайым және күрделі, соның ішінде тритондар, ерекше (характерлі) интервалдар, кішірейтілген терциялар мен ұлғайтылған сексталар құру;
- Диатоникалық және хроматикалық интервалдарды анықтау, шешілім жасау және олар кездесетін тональдіктерді көрсету;
- Дыбыстан жоғары және төмен мажорлы және минорлы үшдыбыстықтар айналымдарымен, кішірейтілген және ұлғайтылған үшдыбыстықтар негізгі түрінде, кіші мажорлы септаккорд (D7) айналымдарымен; кіші минорлы септаккорд айналымдарымен, кішірейтілген квинтасы бар кіші септаккорд айналымдарымен, кішірейтілген септаккорд айналымдарымен құру; олар кездесетін тональдіктерді анықтау және тұрақты дыбыстарға шешілім жасау;
- Жоғарыда көрсетілген аккордтарды және үлкен мажорлы, үлкен минорлы, ұлғайтылған септаккордты негізгі күйінде анықтау. Олар кездесетін тональдіктерді көрсету және шешілім жасау;
- Тональдікте аккордтар тізбегін құру, мысалы: VII7–D<sup>6</sup>5 – T– T6– S<sup>3</sup>3– D2– T6 – T;
- Қарапайым немесе күрделі өлшемде жазылған кішігірім музыкалық үзіндіні тактілерге бөлу және ұзақтықтарын топтастыру.

##### ***Ауызша***

- Секвенция ойнау
- Қарапайым музыка теориясы, гармония бойынша сұрақтар.

#### **Сольфеджио**

##### ***Жазбаша***

- I-деңгейдегі туыстық тональдіктерге ауытқулары бар, хроматика элементтері, ырғақтық қиындықтары (синкопалар, триольдер) бар бірдауысты диктант.

Жазуға берілетін уақыт – 25-30 минут, 12 рет орындалады.

##### ***Ауызша***

- Мажорлы және минорлы гаммаларды және олардың үш түрін (табиғи, гармониялық, мелодиялық) әндету;
- Саздың диатоникалық сатыларын, дыбыстан және тональдіктегі интервалдар (шешілуі бар тритондар, ерекше интервалдар (характерлі), мажорлық және минорлы үшдыбыстықтарды және олардың айналымдарын, кішірейтілген және ұлғайтылған үшдыбыстықтарды негізгі түрінде, D<sub>7</sub> айналымдарымен, II<sub>7</sub> айналымдарымен және VII<sub>7</sub> негізгі түрінде әндету және есту арқылы анықтау;

- Хроматизмдері бар, параллельді тональдікке немесе доминанталық тональдікке ауытқуы бар, 2/4, 3/4, 4/4, 6/8 өлшемінде жазылған мажорлы және минорлы бірдауысты әуенді бірден парақтан әндету.

### Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>II шығармашылық емтихан</i>
45-50	Талапкер өзінің барлық мүмкіндігін, суырыпсалма ақындығын, орындаушылық шеберлігін, дәстүрлі орындаушылық нақышын, жалпы музыкалық қабілетін толық көрсете алғанда, сондай-ақ, сахнада қобалжымай өзін еркін ұстауы, айтқан шығармалары күрделі және орындалуы мінсіз болған жағдайда бағаланады.	45-50	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дыбыстан саздарды және интервалдарды құру, олардың айналымдары мен шешімдерін жасау толығымен орындалған.</li> <li>• Тональдікте аккордтар тізбегі толығымен қатесіз құрылған.</li> <li>• Берілген аккордтар және олардың тональдіктері дұрыс анықталған.</li> <li>• Музыкалық үзінді метрлік және ырғақтық жағынан қатесіз топтастырылған.</li> <li>• Секвенция тональдік жоспар бойынша және аккордтар құрамы жағынан дұрыс орындалған.</li> <li>• Музыка теориясы және гармония сұрақтарына мінсіз жауап.</li> <li>• Диктант дұрыс, қатесіз жазылған.</li> </ul> <p>Әндету интонациялық таза және ырғақтық жағынан дәл.</p>
40-44	Талапкердің барлық көрсеткіштері талапқа сай болып, тек ақындық-суырыпсалмалық қабілетінде кешігу, тежелу болса, аспаппен сүйемелдеуі дәстүрге сай келмесе осы баллмен бағаланады.	40-44	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дыбыстан саздарды және интервалдарды құру, олардың айналымдары мен шешімдерін жасау толығымен орындалған, бірақ кішігірім қателер бар.</li> <li>• Тональдікте аккордтар тізбегі толығымен, бірақ кішігірім қателермен құрылған.</li> <li>• Берілген аккордтар және олардың тональдіктері кейде дұрыс анықталмаған.</li> <li>• Музыкалық үзінді метрлік және ырғақтық жағынан бірнеше қатемен топтастырылған.</li> <li>• Секвенция тональдік жоспар бойынша және аккордтар құрамы жағынан дұрыс бірқатар қатемен орындалған.</li> </ul>

			<ul style="list-style-type: none"> <li>• Музыка теориясы және гармония сұрақтарына негізді жауап.</li> <li>• Диктант дұрыс, бірнеше қатемен жазылған.</li> </ul> <p>Әндету жақсы, бірақ ырғақта қателіктер бар.</p>
35-39	Талапкердің ақындық, орындаушылық күш қуаты орташа болса, бірақ актерлік шеберлігі, сахна мәдениеті, тіл тазалығы (дикциясы) жақсы болса, осы көрсетілген балмен бағаланады.	35-39	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дыбыстан саздарды және интервалдарды құру, олардың айналымдары мен шешімдерін жасау толығымен орындалған, бірақ елеулі қателер бар.</li> <li>• Тональдікте аккордтар тізбегі толығымен, бірақ елеулі қателермен құрылған.</li> <li>• Берілген аккордтар дұрыс, бірақ олардың тональдіктері дұрыс анықталмаған.</li> <li>• Музыкалық үзінді метрлік және ырғақтық жағынан елеулі қатемен топтастырылған.</li> <li>• Секвенция тональдік жоспар бойынша дұрыс, бірақ аккордтар құрамы жағынан қатемен орындалған.</li> <li>• Музыка теориясы және гармония сұрақтарына жақсы жауап.</li> <li>• Диктант дұрыс, бірақ дыбыс биіктігі жағынан қатемен жазылған.</li> </ul> <p>Әндету жақсы, бірақ интонацияда қателіктер бар, әрдайым түзетуді қажет етеді.</p>
30-34	Өлең құрылысы орташа болғанымен, аспаппен сүйемелдеу барысында дыбыс сәйкестіктері тональділікке сай келмесе, айтыс, қосымша жыр мәтіндерін орындау барысында қателіктер кездессе осы баға қойылады.	30-34	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дыбыстан саздарды және интервалдарды құру, олардың айналымдары мен шешімдерін жасау толығымен орындалмаған, бірақ елеулі қателер бар.</li> <li>• Тональдікте аккордтар тізбегі толығымен құрылмаған.</li> <li>• Берілген аккордтар және олардың тональдіктері дұрыс анықталмаған.</li> <li>• Музыкалық үзінді метрлік және ырғақтық жағынан дұрыс топтастырылмаған.</li> <li>• Секвенция тональдік жоспар бойынша толықтай дұрыс емес, аккордтар құрамы жағынан қатемен орындалған.</li> <li>• Музыка теориясы және гармония сұрақтарына қатемен жауап берілген.</li> <li>• Диктант дұрыс, бірақ ырғақтық жағынан қатемен жазылған.</li> </ul> <p>Әндету жақсы, бірақ ырғақта қателіктер бар, әрдайым түзетуді қажет етеді.</p>

25-29	Орындаушылығы орташа, суырыпсалмалығы әлсіз болса, сөйлеу мәнерінде, дыбыстарда кемшілік болса осы баллдармен бағаланады.	25-29	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дыбыстан саздарды және интервалдарды құру, олардың айналымдары мен шешімдерін жасау кателіктермен, толық орындалмаған.</li> <li>• Тональдікте аккордтар тізбегі толығымен құрылмаған, кателіктер бар.</li> <li>• Берілген аккордтар және олардың тональдіктері қате анықталған.</li> <li>• Музыкалық үзінді толықтай емес, метрлік және ырғақтық жағынан дұрыс топтастырылмаған.</li> <li>• Секвенция тональдік жоспар бойынша дұрыс емес, аккордтар құрамы жағынан қатемен орындалған.</li> <li>• Музыка теориясы және гармония сұрақтарына толығымен жауап берілмеген.</li> <li>• Диктант көптеген қатемен, фрагментті түрде жазылған.</li> </ul> <p>Әндетуде көптеген кателіктер бар, толығымен тапсырма орындалмаған.</p>
20-24	Талапкер өз дауысын игере алмаса, айтысу барысында өлең құрылысынан, жырдың, терменің сөздерінен жанылса, дыбысы таза болмаса, дикциясы нашар болса осы мөлшердегі балл қойылады.	20-24	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дыбыстан саздарды және интервалдарды құру, олардың айналымдары мен шешімдерін жасау көптеген кателермен жасалған.</li> <li>• Тональдікте аккордтар тізбегі толық емес, қате құрылған.</li> <li>• Берілген аккордтар және олардың тональдіктері қате анықталған.</li> <li>• Музыкалық үзінді метрлік және ырғақтық жағынан дұрыс топтастырылмаған, толық емес.</li> <li>• Секвенция тональдік жоспар бойынша және аккордтар құрамы жағынан қате орындалған.</li> <li>• Музыка теориясы және гармония бойынша білім нашар меңгерілген.</li> <li>• Диктант көптеген қатемен, толық жазылмаған.</li> </ul> <p>Әндетуде қате көп.</p>
15-19	Ұлттық аспапты дұрыс меңгере алмаған, сондай-ақ, өлең құрау, импровизациялық процестерде психологиялық тұрғыдан өзін меңгере алмаған талапкерлерге қойылады.	15-19	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дыбыстан саздарды және интервалдарды құру, олардың айналымдары мен шешімдерін жасау көптеген кателермен жасалған.</li> <li>• Тональдікте аккордтар тізбегі қате құрылған.</li> <li>• Берілген аккордтар және олардың тональдіктері анықталмаған.</li> <li>• Музыкалық үзінді метрлік және ырғақтық жағынан топтастырылмаған.</li> <li>• Секвенция қате орындалған.</li> </ul>

			<ul style="list-style-type: none"> <li>Музыка теориясы және гармония бойынша білім нашар меңгерілген.</li> <li>Диктант қате жазылған.</li> <li>Әндету фрагментті, интонация мен ырғақтық қателіктер көп.</li> </ul>
10-14	Орындаушылық деңгейі төмен, есту, өлең құрау дағдысы жоқ, поэтикалық формаларды, өлең құрылымын (буын, ұйқас) меңгере алмаған талапкерлерге қойылады.	10-14	<ul style="list-style-type: none"> <li>Диктант үзінді түрінде жазылған.</li> <li>Теория бойынша жазбаша тапсырма толығымен шешілмеген.</li> <li>Секвенцияда қателіктер жібере отырып, соңына дейін ойналмаған.</li> <li>Әндету толығымен қате.</li> </ul> <p>Теориялық материал меңгерілмеген.</p>
5-9	Талапкердің дауысы, орындаушылық шеберлігі, ұлттық нақышы, жалпы музыкалық қабілеті төмен болса, бұдан жоғар балл талаптарына сай болмаса көрсетілген баллмен бағаланады.	5-9	<ul style="list-style-type: none"> <li>Диктант үзінді түрінде жазылған.</li> <li>Түрлері бойынша әндету орындалмаған.</li> <li>Теория бойынша жазбаша тапсырма орындалмаған.</li> </ul> <p>Секвенция ойналмады.</p>
0-4	Ақындық, музыкалық қабілеті өте әлсіз, тек қызығушылықпен әуестеніп келген талапкерлерге қойылады. Емтиханнан өтпейді.	0-4	<ul style="list-style-type: none"> <li>Диктант жазылмаған.</li> <li>Түрлері бойынша әндету орындалмаған.</li> <li>Теория бойынша жазбаша тапсырма орындалмаған.</li> </ul> <p>Секвенция ойналмады.</p>

### Музыкалық білімі жоқ талапкерлер үшін:

Музыкалық қабілеттерін көрсету (ауызша – «Жыр» және «Айтыс» бейіні бойынша);

Музыкалық метроритмдік қабілеттерін тексеру;

Музыкалық естіп тану және есте сақтау қабілеттерін тексеру.

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>II шығармашылық емтихан</i>
45-50	Талапкер өзінің барлық мүмкіндігін, суырыпсалма ақындығын, орындаушылық шеберлігін, дәстүрлі орындаушылық нақышын, жалпы музыкалық қабілетін толық көрсете	45-50	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жалпылама музыкалық қабілеттердің жоғары деңгейінің болуы.</li> <li>Берілген әуенді интонациялық және ырғақтық жағынан толығымен дұрыс орындау.</li> </ul>

	алғанда, сондай-ақ, сахнада қобалжымай өзін еркін ұстауы, айтқан шығармалары күрделі және орындалуы мінсіз болған жағдайда бағаланады		<ul style="list-style-type: none"> <li>• Берілген ырғақтық үзіндіні толығымен дұрыс орындау.</li> <li>• Музыкалық естіп тану қабілетінің жоғары болуы.</li> </ul> <p>Музыкалық есте сақтау дағдыларының жоғары деңгейін көрсету.</p>
40-44	Талапкердің барлық көрсеткіштері талапқа сай болып, тек ақындық-суырыпсалмалық қабілетінде кешігу, тежелу болса, аспаппен сүйемелдеуі дәстүрге сай келмесе осы баллмен бағаланады.	40-44	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жалпылама музыкалық қабілеттердің жақсы деңгейін көрсету.</li> <li>• Берілген әуенді толығымен, бірақ кішігірім интонациялық қателіктермен орындау.</li> <li>• Берілген ырғақтық үзіндіні толығымен, кішігірім қателермен орындау.</li> <li>• Музыкалық естіп тану қабілетінің жақсы болуы.</li> </ul> <p>Музыкалық есте сақтау дағдыларының жақсы деңгейін көрсету.</p>
35-39	Талапкердің ақындық, орындаушылық күш қуаты орташа болса, бірақ актерлік шеберлігі, сахна мәдениеті, тіл тазалығы (дикциясы) жақсы болса, осы көрсетілген баллмен бағаланады.	35-39	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жалпылама музыкалық қабілеттердің орташа деңгейі бар.</li> <li>• Берілген әуенді толығымен, бірақ кішігірім ырғақтық қателіктермен орындау.</li> <li>• Берілген ырғақтық үзіндіні толық емес, кішігірім қателермен орындау.</li> <li>• Музыкалық естіп тану қабілетінің орташа деңгейде болуы.</li> </ul> <p>Музыкалық есте сақтау дағдылар орташа деңгейде.</p>
30-34	Өлең құрылысы орташа болғанымен, аспаппен сүйемелдеу барысында дыбыс сәйкестіктері тональділікке сай келмесе, айтыс, қосымша жыр мәтіндерін орындау барысында қателіктер кездесе осы баға қойылады.	30-34	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жалпылама музыкалық қабілеттердің орташа деңгейі бар.</li> <li>• Берілген әуенді толық емес, кішігірім интонациялық қателіктермен орындау.</li> <li>• Берілген ырғақтық үзіндіні толық емес, қателермен орындау.</li> <li>• Музыкалық естіп тану қабілеті орташа деңгейде.</li> </ul> <p>Музыкалық есте сақтау дағдылары орташа.</p>
25-29	Орындаушылығы орташа, суырыпсалмалығы әлсіз болса, сөйлеу мәнерінде, дыбыстарда кемшілік болса осы баллдармен бағаланады.	25-29	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жалпылама музыкалық қабілеттер орташадан төмен.</li> <li>• Берілген әуенді толық емес, кішігірім ырғақтық қателіктермен орындау.</li> <li>• Берілген ырғақтық үзіндіні толық орындай алмау.</li> <li>• Музыкалық естіп тану қабілеті орташадан төмен.</li> </ul> <p>Музыкалық есте сақтау дағдылары орташадан төмен.</p>
20-24	Талапкер өз дауысын игере алмаса, айтысу барысында өлең құрылысынан, жырдың, терменің сөздерінен жаңылса, дыбысы таза болмаса, дикциясы нашар болса осы мөлшердегі балл қойылады.	20-24	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жалпылама музыкалық қабілеттер бар.</li> <li>• Берілген әуенді көптеген қателермен орындау.</li> <li>• Берілген ырғақтық үзіндіні көптеген қателермен орындау.</li> <li>• Музыкалық естіп тану қабілеті орташадан төмен.</li> </ul> <p>Музыкалық есте сақтау дағдылары төмен.</p>
15-19	Ұлттық аспапты дұрыс меңгере алмаған.	15-19	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жалпылама музыкалық қабілеті төмен.</li> </ul>

	сондай-ақ, өлең құрау, импровизациялық процестерде психологиялық тұрғыдан өзін меңгере алмаған талапкерлерге қойылады.		<ul style="list-style-type: none"> <li>• Берілген әуенді орындай алмау.</li> <li>• Берілген ырғақтық үзіндіні қайталай алмау.</li> <li>• Музыкалық естіп тану қабілеті төмен.</li> </ul>
10-14	Орындаушылық деңгейі төмен, есту, өлең құрау дағдысы жоқ, поэтикалық формаларды, өлең құрылымын (буын, ұйқас) меңгере алмаған талапкерлерге қойылады.	10-14	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Музыкалық есте сақтау қабілеті нашар.</li> <li>• Музыкалық қабілеттері нашар.</li> <li>• Музыкалық есту нашар.</li> <li>• Музыкалық жады нашар.</li> </ul>
5-9	Талапкердің дауысы, орындаушылық шеберлігі, ұлттық накышы, жалпы музыкалық қабілеті төмен болса, бұдан жоғар балл талаптарына сай болмаса көрсетілген баллмен бағаланады.	5-9	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Музыкалық қабілеттері нашар.</li> <li>• Музыкалық есту жоқ.</li> <li>• Музыкалық жады нашар.</li> </ul>
0-4	Акындық, музыкалық қабілеті өте әлсіз, тек қызығушылықпен әуестеніп келген талапкерлерге қойылады. Емтиханнан өтпейді.	0-4	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Музыкалық қабілеттері жоқ.</li> <li>• Музыкалық есту жоқ.</li> <li>• Музыкалық жадтың болмауы.</li> </ul>

**Байланыс ақпараты:**

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: [erbolsaryn@mail.ru](mailto:erbolsaryn@mail.ru)

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: [Kaznui.priem@gmail.com](mailto:Kaznui.priem@gmail.com)

**Факультет деканы:** Абенов Батырлан Алкеноулы



**Кафедра меңгерушісі:** Сарин Ербол Айымгазинович

